

Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылаудың кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 2009 жылғы 4 қыркүйектегі N 89 н/қ Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 8 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5816 болып енгізілді. Күші жойылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Төрағасының 2011 жылғы 19 қазандағы № 107-НҚ бұйрығымен.

Күші жойылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Төрағасының 2011.10.19 № 107-НҚ (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 7 сәуірдегі N 788 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік сыртқы қаржылық бақылау стандарттарының 73-тармағына, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2009 жылғы 27 наурыздағы N 4 қаулысымен бекітілген Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау жүргізу ережесінің 136-тармағына

сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

- 1) сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау актісінің нысаны 1-қосымшаға сай ;
- 2) сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылаудың нәтижелері бойынша қорытындының нысаны 2-қосымшаға сай;
- 3) мемлекеттік қаржылық бақылау органы қаулысының (ұсынымының) нысаны 3 - қ о с ы м ш а ғ а сай ;
- 4) бақылаудың қорытындысы туралы есептің нысаны 4-қосымшаға сай;
- 5) бақылау іс-шараларының нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтардың тізілімінің нысаны 5-қосымшаға сай;
- 6) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржылық бақылау объектілерінде анықталатын қаржылық бұзушылықтардың сыныптамасы 6-қ о с ы м ш а ғ а сай бекітілсін.

2. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің аппарат басшысы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін камтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға
Республикалық
атқарылуын
есеп
2009
N 89 н/қ бұйрығына 1-қосымша
Нысан

О. Өксікбаев
бюджеттің
бақылау
жөніндегі
Төрағасының
қыркүйектегі
4
комитеті
жылғы

Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау АКТІСІ

_____ 20__ жылғы "___" _____ (жасалған орны)

1. Бақылау үлгісі _____
(сәйкестікке бақылау жасау; қаржылық

_____ есептілікті бақылау; тиімділікті бақылау)

2. Бақылау түрі _____
(кешенді бақылау; тақырыптық бақылау;

_____ үстеме бақылау; бірлескен бақылау)

3. Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау жүргізуге тапсырма

_____ (тапсырманың күні мен нөмірі)

4. Бақылау жүргізілді _____
(бақылау жүргізуге тартылған, бақылау

_____ жүргізген бақылау органы қызметкерлерінің, мемлекеттік органдар мен

_____ аудиторлық ұйымдар мамандарының және сарапшылардың тегі, аты-жөні,
лауазымы)

5. Бақылау объектісі _____
(бақылау объектісінің толық атауы,

_____ мемлекеттік тіркеу туралы деректер, банк және салық деректемелері)

6. Бақылаудың мақсаты _____
(Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау

_____ жөніндегі есеп комитетінің 2009 жылғы 27 наурыздағы N 4 қаулысымен

бекітілген Сыртқы мемлекеттік қаржылық жүргізу ережесінің 33 және
34 - тармағына сәйкес)

7. Бақылаудың нысанасы _____

(1) мемлекеттік органдардың

стратегиялық жоспарлары, көрсетілетін мемлекеттік қызметтер;

2) мемлекеттік, жергілікті және бюджеттік бағдарламалар;

3) гранттар, мемлекет активтері, мемлекеттік және мемлекет кепілдік
берген қарыздар;

4) бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін пайдалануға қатысты
жекелеген мәселелер)

8. Бақылаудың қамтитын кезеңі _____

(бақылаумен қамтылатын кезең аралығы)

9. Бақылау жүргізілетін мерзім _____

(бақылаудың басталған және аяқталған күні)

**10. Бақылауды жүзеге асыратын кезде хабардар етілген
бақылау объектісінің лауазымды тұлғалары** _____

(бақылау объектісі лауазымды

тұлғаларының аты-жөні, лауазымда жұмыс істеген мерзімі)

11. Бұрынғы бақылаудың нәтижелері туралы мәліметтер _____

(бұрын анықталған бұзушылықтарды жою бойынша бақылау объектісінің тек

тексеріліп отырған мәселелер бойынша қабылдаған шаралары)

**12. Жүргізіліп отырған бақылаудың нәтижелері туралы
мәліметтер** _____

(мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор

субъектілерінің стратегиялық жоспарларында көзделген мақсаттарға,

тікелей және түпкі нәтижелерге қол жеткізуі, мемлекеттік, жергілікті

және бюджеттік бағдарламалардың, көрсетілетін мемлекеттік

қызметтердің іске асырылуы, байланысты гранттардың, мемлекеттік және

_____ мемлекет кепілдік берген қарыздардың, мемлекет кепілгерліктері мен _____ активтерінің пайдаланылуы, мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың _____ сақталуы; актінің қосымшаларына міндетті түрде сілтеме жасалуы тиіс)

13. Бақылау барысында қолданылған шаралар _____
(бақылау барысында _____

_____ анықталған бұзушылықтарды жою бойынша қолданылған шаралар, әкімшілік _____ құқық бұзушылық туралы хаттаманы толтыру туралы фактілер, бақылау _____ объектісі лауазымды тұлғаларының актімен танысудан немесе оған қол _____ қоюдан бас тартқаны туралы мәліметтер)

Мемлекеттік бақылау Есеп (мәслихаттың комиссиясының) қызметкері: _____

қаржылық органы комитетінің тексеру

(лауазымы) (қолы, аты-жөні)

Бақылау Бақылау лауазымды тұлғалары: _____

объектісі объектісінің

(лауазымы) (қолы, аты-жөні)

(лауазымы) (қолы, аты-жөні)

Қарсылықтарымды көрсетіп Бақылау лауазымды тұлғалары: _____

қол қоямын объектісінің

(лауазымы) (қолы, аты-жөні)

Республикалық атқарылуын есеп _____ бюджеттің бақылау _____ жөніндегі _____ комитеті Төрағасының _____ 2009 жылғы _____ 4 _____ қыркүйектегі

N 89 н/қ бұйрығына 2-қосымша

Нысан

Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылаудың нәтижелері жөніндегі ҚОРЫТЫНДЫ

К і р і с п е б ө л і м

1. Бақылауға болған негіз _____
(1) сыртқы мемлекеттік қаржылық

бақылау органының операциялық жоспары;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің, мәслихаттың тапсырмасы;

3) Қазақстан Республикасы Парламенті, мәслихат депутатының сауалы;

4) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 141 немесе 142-бабы.

2. Бақылаудың мақсаты _____
(Республикалық бюджеттің атқарылуын

бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2009 жылғы 27 наурыздағы N 4

қаулысымен бекітілген Сыртқы мемлекеттік қаржылық жүргізу

ережесінің 33 және 34-тармағына сәйкес)

3. Бақылаудың нысанасы _____

1) мемлекеттік органдардың стратегиялық

жоспарлары, көрсетілетін мемлекеттік қызметтер;

2) мемлекеттік, жергілікті және бюджеттік бағдарламалар;

3) гранттар, мемлекет активтері, мемлекеттік және мемлекет

кепілдік берген қарыздар;

4) бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін пайдалануға қатысты

жекелеген мәселелер)

4. Бақылау объектісі _____

(бақылау объектісінің атауы)

5. Бақылаудың қамтитын кезеңі _____

(бақылаумен қамтылатын кезең аралығы (айы, жылы))

6. Бақылаудың ұзақтығы _____

(бақылаудың басталған және аяқталған күні)

7. Бақылау тобы туралы жалпы мәліметтер _____

(бақылау тобының жеке құрамы,

оның жетекшісі және олардың аты-жөндері мен лауазымдары)

Негізгі (талдамалық) бөлім _____

(бақылаудың қойылған мақсаты мен белгіленген

ауқымы шегінде бақылау объектісінің қызметін жалпы талдау)*

Қ о р ы т ы н д ы б ө л і м

8. Бақылау барысында қабылданған шаралар _____

(салықтардың, айыппұлдардың,

өсімақылардың қосымша есептелуі, бюджетке түсімдердің енгізілуі және

негізсіз пайдаланылған қаражаттың өтелуі, өнім берушілердің

тауарларды жеткізу, жұмыстар мен қызметтерді орындау бойынша

шарттағы міндеттемелерін орындауы, бұзушылықтарға жол берген бақылау

объектісінің лауазымды адамдарына қолданылған тәртіптік жаза

шаралары, бақылауды жүзеге асыру процесінде бақылау объектісінің

бұзушылықтарды жоюына қатысты басқа да ақпарат)

9. Бақылаудың нәтижелері бойынша қорытындылар

(тексерілген мәселелер бойынша бақылау объектісі қызметінің

нәтижелерін жалпы бағалау)

10. Бақылаудың нәтижелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар

(бақылау органының отырысында бақылаудың нәтижелерін қарау не оның

нәтижелері бойынша ұсыным жіберу мүмкіншілігін көздейтін бақылауды

жүргізуге жауапты лауазымды тұлғаның пікірі.

Нормативтік құқықтық базаны, бюджет қаражатын пайдалану рәсімдерін

жетілдіру жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне, мемлекеттік

уәкілетті органдарға, жергілікті атқарушы органдарға, сондай-ақ

бақылау жүргізу барысында анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде

бақылау объектілеріне арналған ұсыныстар)

**С ы р т қ ы м е м л е к е т т і к
қ а р ж ы л ы қ б а қ ы л а у**

органының мүшесі

(қолы, аты-жөні)

*бақылаудың нәтижелері бір жүйеге келтіріліп, мынадай б ө л і м д е р д і қ а м т и д ы :

1) мемлекеттік, жергілікті немесе бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын нормативтік әдістемелік қамтамасыз ету, олардың толыққандығы және бақылау объектісі қызметінің бекітілген стратегиялық жоспарларға с ә й к е с т і г і н і ң д е ң г е й і ;

2) мемлекеттік, жергілікті немесе бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға немесе жекелеген әлеуметтік және экономикалық міндеттерді шешуге, сондай-ақ бақылау объектісінің стратегиялық жоспарының мақсаттары мен индикаторларына қол жеткізуге бағытталған Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының қызметі;

3) бюджет қаражатын, оның ішінде трансферттерді, кредиттер мен қарыздарды игерудің нәтижелілігі және мемлекет активтерін пайдалану бөлігінде квазимемлекеттік сектор субъектілерін қоса алғанда, бюджеттік бағдарламалар бойынша түпкілікті мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізудің деңгейі;

4) бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығын, сондай-ақ республикалық бюджеттен түсетін түсімдер сомаларының қайтарылуын, салықтық және кедендік әкімшілік ету тиімділігін бақылаудың нәтижелері;

Әрбір бұзушылық фактісі жеке тармақта көрсетіледі.

Жекелеген бұзушылықтарды әлдеқайда толығырақ ашу үшін негізгі (талдамалық) бөлім қосымшалармен толықтырылады.

Республикалық бюджеттің
атқарылуын бақылау жөніндегі
есеп комитеті Төрағасының
2009 жылғы 4 қыркүйектегі
№ 89 н/қ бұйрығына 3-қосымша
Нысан

**Мемлекеттік қаржылық бақылау органының
ҚАУЛЫСЫ
(ҰСЫНЫМЫ)**

_____ 20__ жылғы "___" _____
(мемлекеттік қаржылық
бақылау органының
орналасқан жері)

Қаулының (ұсынымның) тақырыбы

1. Белгілеуші бөлік _____
(бюджеттің атқарылуын, мемлекеттік органдардың

стратегиялық жоспарларының іске асырылуын, мемлекеттік және бюджеттік

бағдарламалардың іске асырылуы тиімділігін, бюджетке кірістердің

толық және уақтылы түсуін қамтамасыз ету жөніндегі, сондай-ақ бюджет

қаражаты мен мемлекет активтерінің, байланысты гранттардың, бюджеттік

инвестициялардың, мемлекет кепілгерліктерінің ұтымды және тиімді

пайдаланылуын қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік органдардың

қызметін бағалау және анықталған бұзушылықтардың қысқаша сипаттамасы)

2. Қаулы шығарушы бөлік _____
(1) Қазақстан Республикасының

Үкіметіне, жергілікті атқарушы органдарға және бақылау объектілеріне

нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру, Қазақстан Республикасы

заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету, анықталған заң
бұзушылықтарды жою, негізсіз пайдаланылған бюджет қаражатын қалпына
келтіру не оларды есеп бойынша қалпына келтіру, сондай-ақ
тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді берушілердің
шарттағы міндеттемелерін орындауы;

2) бақылау объектісінің лауазымды тұлғаларына анықталған бұзушылықтар
мен кемшіліктерді жоюы жөнінде берілген тапсырмалар;

3) бақылау объектісінің лауазымды тұлғаларының іс-әрекетінде қылмыс
немесе құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайда құқық қорғау
органдарына және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді
қарайтын уәкілетті органдарға бақылау материалдарын беру туралы
тармақтар енгізіледі;

4) қаулының (ұсынымның) орындалуын бақылау жүктелген бақылау органы
лауазымды тұлғасының аты-жөні.

**С ы р т қ ы м е м л е к е т т і к
қ а р ж ы л ы қ б а қ ы л а у**

органының басшысы

(қолы, аты-жөні)

Республикалық бюджеттің атқарылуын
бақылау жөніндегі есеп комитеті
Төрағасының 2009 жылғы
4 қыркүйектегі N 89 н/қ
бұйрығына 4-қосымша

20__ жылы _____ бақылаудың қорытындысы туралы _____

*

ЕСЕБІ

рет N	жылы **	бюджеттік бағдарлама әкімшісі, мемлекеттік (жергілікті) бағдарламаның үйлестірушісі, бақылау объектілері	мемлекеттік (жергілікті) бағдарлама	бюджеттік бағдарлама	бақылаумен қамтылған қаражат көлемі (мың теңге)
1	2	3	4	5	6
		Түсімдер бойынша анықталған бұзушылықтар			
1.	20__				
2.	20__				
		Шығыстар бойынша анықталған бұзушылықтар			
1.	20__				
2.	20__				

кестенің жалғасы

түсімдер бойынша анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы (мың теңге)			шығыстар бойынша анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы (мың теңге)			берілген материалдар (саны)		қолданылған әкімшілік жазалар	
барлығы	соның ішінде		барлығы	соның ішінде		салық органдарына	құқық қорғау органдарына	саны	айыппұлдар сомасы мың теңге
	қалпына келтірілетіні	қалпына келтірілгені		қалпына келтірілетіні	қалпына келтірілгені				
7	8	9	10	11	12	13	14	15	16

кестенің жалғасы

тәртіптік жауапкершілікке тартылған адамдардың саны			бақылаудың нәтижесі бойынша енгізілген ұсыныстар мен ұсынымдар		соның ішінде іске асырылғаны	
барлығы	соның ішінде атқарып отырған қызметінен босатылғандары, барлығы		соның ішінде басшылар			
17	18		19		20	
					21	

* қаржылық бақылау органы көрсетіледі

**көрсеткіштер жылдары бойынша толтырылады

Мемлекеттік қаржылық бақылау органының басшысы

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті

Төрағасының 2009 жылғы

4 қыркүйектегі N 89 н/қ бұйрығына

5-қосымша

Бақылау іс-шараларының нәтижесі бойынша анықталған бұзушылықтардың ТІЗІЛІМІ

1) республикалық (жергілікті) бюджетке түсімдердің толық және уақтылы түсуі

Рет N	жылы*	бақылау объектісі	бюджетке түсетін түсімдер бойынша анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы (мың теңге)			соның ішінде
			барлығы	соның ішінде		барлығы
				қалпына келтірілетіні	бақылау барысында қалпына келтірілгені	
1	2	3	4	5	6	7
1.						
2.						
3.						
Жиынтығы						

кестенің жалғасы

соның ішінде							
салықтық емес төлемдердің толық түспеуі (мың теңге)		заңнаманы бұза отырып, салық және салықтық емес төлемдерді қайтару (мың теңге)		өзге бұзушылықтар (мың теңге)		заңнаманы бұзудың салдарынан бюджеттің шығындары (мың теңге)	
соның ішінде бақылау барысында қалпына келтірілгені	барлығы	соның ішінде бақылау барысында қалпына келтірілгені	барлығы	соның ішінде бақылау барысында қалпына келтірілгені	барлығы	соның ішінде бақылау барысында қалпына келтірілгені	
8	9	10	11	12	13	14	15

2) республикалық (жергілікті) бюджет қаражатының пайдаланылуы

рет N	жылы*	бюджеттік бағдарлама әкімшісі, мемлекеттік (жергілікті) бағдарламаның үйлестірушісі, бақылау объектілері	мемлекеттік (жергілікті) бағдарлама	(бюджеттік бағдарлама	бақылаумен қамтылған қаражат көлемі (мың теңге)
1	2	3	4	5	6
1.					
2.					
3.					
Жиынтығы					

кестенің жалғасы

шығыстар бойынша анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы (мың теңге)			соның ішінде					
			бюджет қаражатын пайдаланудың атаулылық және нысаналы сипатын бұзу (мың теңге)		бюджет қаражатын заңнаманы сақтамай пайдалану (мың теңге)		бюджеттік кредиттерді, мемлекеттік кепілдіктер мен кепілгерліктерді берудің талаптары мен рәсімдерін бұзу (мың теңге)	
барлығы	соның ішінде		барлығы	соның ішінде		барлығы	соның ішінде	
	қалпына келтірілетіні	бақылау барысында қалпына келтірілгені		бақылау барысында қалпына келтірілгені	бақылау барысында қалпына келтірілгені		барлығы	бақылау барысында қалпына келтірілгені
7	8	9	10	11	12	13	14	15

кестенің жалғасы

мемлекет активтерін пайдалану кезіндегі бұзушылықтар (мың теңге)		өзге бұзушылықтар (мың теңге)		мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзу (мың теңге)	бухгалтерлік есеп жүргізуді және қаржылық есептілік жасауды бұзудың орын алған оқиғалар саны (бірлік)
барлығы	соның ішінде бақылау барысында қалпына келтірілгені	барлығы	соның ішінде бақылау барысында қалпына келтірілгені		
16	17	18	19	20	21

*Анықталған бұзушылықтар сомасы жылдары бойынша көрсетіледі

Мемлекеттік қаржылық бақылау органы қызметкерінің аты-жөні
 Келісілді: мемлекеттік қаржылық бақылау органының мүшесі
 Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Төрағасының 2009 жылғы 4 қыркүйектегі № 89 н/қ бұйрығына б-қосымша

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қаржылық бақылау объектілерінде анықталатын қаржылық бұзушылықтардың сыныптамасы

Рет N	Бұзушылық түрі	Нормативтік құқықтық актінің атауы
Республикалық (жергілікті) бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылығын принципін бұзу		
1.	Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің толық және уақтылы түсуі қамтамасыз етілмеген	"Салық және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі Қазақстан Республикасының 2008 жылғы желтоқсандағы кодексі (бұдан әрі – Салық ко), Қазақстан Республикасының 2003 жылғы сәуірдегі Кеден кодексінің 24-бабы Атқарушылық іс жүргізу және орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 маусымдағы Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 26 ақпандағы N 220 қаулысымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оқсалуы қызмет көрсету ережесінің (бұдан әрі – Ереже) 63-тармағы
2.	Салыққа жатпайтын түсімдерді мемлекеттік бюджетке толық және уақтылы аудару қамтамасыз етілмеген	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 қарашадағы N 1222 қаулысымен бекітілген Салыққа жатпайтын түсімдерді бюджетке аудару ережесінің 5-тармағы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы желтоқсандағы N 1339 қаулысымен бекітілген Республикалық бюджетке түсетін түсімдер алынуына, артық (қате) төленген соманы бюджеттен қайтарылуына және (немесе) есеп алынуына және салықтық емес түсімдер, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер трансферттердің, бюджеттік кредиттерді өтеу мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін соманың, қарыздардың бюджетке түсуін бақылауды жүзеге асыруға жауапты уәкіл органдардың тізбесі
3.	Қосылған құн салығын (бұдан әрі – ҚҚС) бюджеттен заңсыз қайтару	Салық кодексінің 272-бабы
4.	Резидент еместің Қазақстан Республикасының көздерінен алынған табыстарынан табыс салығын бюджеттен заңсыз қайтару	Салық кодексінің 217-бабы
5.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның резервінен бөлінген пайдаланылмаған ақшаны ағымдағы қаржы жылының соңына дейін тиісті бюджетке қайтару қамтамасыз етілмеген	Қазақстан Республикасының 2008 жылғы желтоқсандағы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 20-бабы
6.	Нысаналы трансферттердің нысаналы мақсатқа сай пайдаланылмаған сомалары мемлекеттік қаржылық бақылау органының актісіне сәйкес осы трансферттерді бөлген жоғары тұрған бюджетке Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен бақылау актісіне қол қойылғаннан кейін бір ай ішінде қайтарылмаған	Бюджет кодексінің 44-бабы
	Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша пайдалануға (түгел пайдалануға) рұқсат	

7.	етілген, өткен қаржы жылында бөлінген, қаржы жылы ішінде пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасы ағымдағы қаржы жылының соңына дейін, оларды бөлген жоғары тұрған бюджетке қайтарылмаған	Бюджет кодексінің 44-бабы
8.	Мемлекеттік мекеменің өткен жылдардағы дебиторлық берешегінің сомасы азаматтық-құқықтық мәміленің талаптарында көзделген тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметті) беру арқылы өтелмеген не тиісті бюджеттің кірісіне қайтарылмаған	Бюджет кодексінің 97-бабы
9.	Мемлекеттің кепілгерлігі бойынша міндеттемелерді орындауға бөлінген қаражат сақтандыру шарты негізінде концессия объектісін мемлекетке беру жолымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәсілдермен республикалық бюджетке қайтарылмаған	Бюджет кодексінің 233-бабы
10.	Бюджеттерден берілген кредиттерді өтеуден, тиісті меншіктегі мемлекеттің қаржы активтерін, қарыздарын сатудан түсетін түсімдер тиісті бюджетке есептелмеген	Бюджет кодексінің 49, 50, 51, 52-баптары
11.	Мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелердің орындалуына бөлінген қаражат сыйақы ставкасы бойынша мемлекеттік кепілдік беру туралы келісімде белгіленген мерзім ішінде республикалық бюджетке қайтарылмаған	Бюджет кодексінің 220-бабы
12.	Түсімдерді есепке жатқызу мен бөлудің тәртібін бұзу	Ереженің 128-133-тармақтары
13.	Түсімдердің артық (қате) төленген сомасын бюджеттен қайтару не оларды берешекті өтеу шотына есепке жатқызу тәртібін бұзу	Бюджет кодексінің 94-бабы, Ереженің 134-тармақтары
14.	Өзге бұзушылықтар	
Бюджет қаражатының атаулылық және нысаналы сипаты принципін бұзу		
15.	Төтенше резервті Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттерге ресми гуманитарлық көмек көрсетуін қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға емес, басқа мақсатқа пайдалану	Бюджет кодексінің 20-бабы
16.	Соттардың шешімдері бойынша міндеттемелерді орындауға арналған төтенше резерв қаражатын басқа мақсаттарға пайдалану	Бюджет кодексінің 20-бабы

17.	Бюджет қаражаты бірыңғай бюджеттік сыныптамаға, жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелерге, оларға сай бюджет қаражаты бөлінген нормативтік құқықтық актілерге сәйкес пайдаланылмаған	Бюджет кодексінің 95-бабы
18.	Валюталардың түрлері бойынша айырбасталған шетел валютасын шетел валютасымен шотқа есепке жазылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде мақсаты бойынша пайдаланбау	Бюджет кодексінің 99-бабы
19.	Бюджетті түзетуді Бюджет кодексінде көзделмеген жағдайларда жүзеге асыру	Бюджет кодексінің 111-бабы
20.	Байланысты грантты алушы ұйымдардың оны мақсаты бойынша пайдаланбауы	Бюджет кодексінің 169-бабы
21.	Бюджеттік кредит қаражатын бюджеттік бағдарлама мен кредиттік шартта көзделмеген мақсаттарға пайдалану	Бюджет кодексінің 190-бабы
22.	Мемлекет кепілдік берген қарыз қаражаттарын қарыз талаптарында көзделмеген мақсаттарға, сондай-ақ мемлекеттік органдарға кредит беруге пайдалану	Бюджет кодексінің 224-бабы
23.	Концессия объектілерін құруға деп көзделген мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыз қаражатын басқа мақсаттарға пайдалану	Бюджет кодексінің 227-бабы
24.	Мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыз қаражатын кепілгерлік шартында көзделмеген мақсаттарға, сондай-ақ мемлекеттік органдарға кредит беру үшін пайдалану	Бюджет кодексінің 235-бабы
25.	Өзге бұзушылықтар	
Республикалық (жергілікті) бюджет қаражатын заңнаманы сақтамай пайдалану		
26.	Мемлекеттік ұйымдар – байланысты гранттарды алушылар байланысты гранттарды пайдалану жөніндегі міндеттемелерін сақтамаған	Бюджет кодексінің 169-бабы
27.	Қаржыландырудың жеке жоспарларын, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларын және түсімдер жоспарларын жасау және бекіту тәртібін бұзу	Ереженің 3-15-тармақтары
28.	Түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасаудың және бекітудің тәртібін бұзу	Ереженің 16-29-тармақтары

29.	Қаржыландырудың жеке жоспарына, түсімдердің жиынтық жоспарына және міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларына өзгерістер енгізу тәртібін бұзу	Ереженің 30-62-тармақтары
30.	Құжаттар жинағын қалыптастыру тәртібін және құжаттар жинағын қалыптастырған кезде құжаттарға қойылатын талаптарды бұзу	Ереженің 91-100-тармақтары
31.	Қолма-қол ақшаны бақылау шоттарын және шетел валютасындағы шоттарды жүргізу тәртібін бұзу	Ереженің 101-107-тармақтары
32.	Кодтарды, қолма-қол ақшаның бақылау шоттарын және шетел валютасындағы шоттарды жабу тәртібін бұзу	Ереженің 111-тармағы
33.	Екінші деңгейдегі банктердегі немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы мемлекеттік мекемелердің шоттарын ашу және жабу тәртібін бұзу	Ереженің 115-127-тармақтары
34.	Түсімдердің артық (қате) төленген сомасын бюджеттен қайтару не оларды берешекті өтеу шотына есепке жатқызу тәртібін бұзу	Ереженің 134-144-тармақтары
35.	Төмен тұрған бюджеттерден жоғары тұрған бюджеттерге бюджеттік алуларды аударудың тәртібі мен мерзімін бұзу	Ереженің 145-148-тармақтары
36.	Мемлекеттік мекемелердің міндеттемелерді қабылдау тәртібін бұзуы	Бюджет кодексінің 85-бабы, Ереженің 149-тармақтары
37.	Мемлекеттік мекемелердің міндеттемелерді қабылдауға қойылатын талаптарды бұзуы	Ереженің 151-163-тармақтары
38.	Азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеу үшін мемлекеттік мекемелер ұсынатын құжаттардың тізбесіне қойылатын талаптарды бұзу	Ереженің 164-168-тармақтары
39.	Азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге арналған өтінімді ресімдеу және ұсыну тәртібін бұзу	Ереженің 169-174-тармақтары
40.	Мемлекеттік мекемелердің шарттарын және азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеуге арналған өтінімдерді тексеру тәртібін бұзу	Ереженің 175-177-тармақтары
41.	Шартты тіркеу туралы хабарламаны қалыптастыруға және беруге қойылатын талаптарды бұзу	Ереженің 178-187-тармақтары
42.	Төлемдер мен ақша аударымдарын ұлттық валютамен жүзеге асыру тәртібін бұзу	Ереженің 188-198-тармақтары
43.	Төлеуге берілетін шотты ресімдеу тәртібін бұзу	Ереженің 199-202-тармақтары
44.	Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне жалақы және басқа ақшалай төлемақыларды, жеке тұлғаларға стипендияларды және басқа да төлемақыларды төлеу жөніндегі төлемдерді жүзеге асыру, міндетті зейнетақы жарналарын және әлеуметтік аударымдарды аудару тәртібін бұзу	Ереженің 203-210-тармақтары
45.	Аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркелген шарт талаптарына сәйкес төлемдерді жүргізуге	Ереженің 211-214-тармақтары

	арналған төлеуге берілетін шоттарды ұсынудың және орындаудың тәртібін бұзу	
46.	Шарт жасамай-ақ төлемдерді жүргізуге арналған төлеуге берілетін шоттарды ұсыну және орындау тәртібін бұзу	Ереженің 215-216-тармақтары
47.	Акционерлік қоғамның жарияланған акцияларының төлемі үшін жарғылық капиталында мемлекеттік қатысуы бар заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын арттыруға ақша аудару тәртібін бұзу	Ереженің 217-218-тармақтары
48.	Қолма-қол ақшамен жасалатын операцияларды жүзеге асыру тәртібін бұзу	Ереженің 219-233-тармақтары
49.	Мемлекеттік мекеменің жасалған төлемдер сомасын және ақша аударымдарын қайтаруға қойылатын талаптарды бұзу	Ереженің 234-237-тармақтары
50.	Инкассалық өкімдерді орындау тәртібін бұзу	Ереженің 238-256-тармақтары
51.	Трансферттерді төмен тұрған бюджеттерге аудару тәртібін бұзу	Ереженің 257-264-тармақтары
52.	Нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімді әзірлеу тәртібін бұзу	Ереженің 265-269-тармақтары
53.	Республикалық бюджеттен бюджеттік субсидиялар төлеу тәртібін бұзу	Ереженің 270-272-тармақтары
54.	Шетел валютасын айырбастау және аудару тәртібін бұзу	Ереженің 273-291-тармақтары
55.	Шетел валютасын қайта айырбастау тәртібін бұзу	Ереженің 292-304-тармақтары
56.	Бюджет ақшасын басқару тәртібін бұзу	Ереженің 305-313-тармақтары
57.	Уақытша бос бюджет ақшасын орналастыру тәртібін бұзу	Ереженің 314-323-тармақтары
58.	Міндеттемелерді қабылдау мен тіркеу және төлемдер жүргізу, құпиялық белгісі соғылған бюджеттің атқарылуы жөніндегі операцияларды есепке алуды жүзеге асыру рәсімдерін бұзу	Ереженің 324-325-тармақтары
59.	Мемлекеттік мекеменің өз билігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаның түсімдері мен шығыстарының жоспарларын қалыптастыруға және бекітуге қойылатын талаптарды бұзу	Ереженің 332-346-тармақтары
60.	Өз билігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан мемлекеттік мекемелер алатын ақшаның түсімдері мен шығыстары жоспарларына өзгерістер енгізуге қойылатын талаптарды бұзу	Ереженің 347-355-тармақтары
61.	Өздерінің билігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден мемлекеттік мекемелер алатын ақшаны есепке алуды және бақылауды жүргізуге қойылатын талаптарды бұзу	Ереженің 356-364-тармақтары

62.	Демеушілік, қайырымдылық көмектен түсетін түсімдер бойынша операцияларды жүзеге асыруға қойылатын талаптарды бұзу	Ереженің 365-374-тармақтары
63.	Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жеке және/немесе заңды тұлғалардың оларды қайтару немесе белгілі бір жағдайлар туындаған кезде бюджетке немесе үшінші тұлғаларға аудару шартымен мемлекеттік мекемеге берілетін ақша бойынша операцияларды жүзеге асыруға қойылатын талаптарды бұзу	Ереженің 375-383-тармақтары
64.	Сайлауларды мемлекеттік қаржыландыру тәртібін бұзу	Ереженің 384-396-тармақтары
65.	"Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша республикалық бюджетте көзделген қаражатты пайдалану тәртібін бұзу	Ереженің 397-407-тармақтары
66.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервін пайдалану тәртібін бұзу	Бюджет кодексінің 19-бабы, Ереженің 408-тармақтары
67.	Бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуді және оны сараптаудан өткізуді, концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеуді қаржыландыруға қаражат бөлу тіртібін бұзу	Ереженің 446-473-тармақтары
68.	Ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша пайда болған бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджет қаражатының қалдықтарын аккредитивтік және өзге де бюджеттен тыс шоттарға аудару	Бюджет кодексінің 103-бабы
69.	Бюджеттік инвестициялық жобалардың құнын бюджет комиссиясы қарамастан және оның ұсынысынсыз ұлғайту	Бюджет кодексінің 157-бабы
70.	Бюджеттік кредитті қайта құрылымдауды бір реттен артық жүзеге асыру	Бюджет кодексінің 193-бабы
71.	Бюджеттік кредитті қайта құрылымдауды кредиттік шартқа қосымша келісім жасамастан жүзеге асыру	Бюджет кодексінің 193-бабы
72.	Бюджеттік инвестициялық жобалар олардың белгіленген тәртіппен бекітілген техникалық-экономикалық негіздемелеріне сәйкес іске асырылмаған	Бюджет кодексінің 157-бабы
73.	Концессиялық ұсыныстарды, концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін, конкурстық құжаттамаларды, концессиялық жобаларды, концессия шарттарының жобаларын, бюджеттік инвестициялық жобаларды экономикалық сараптаудан өткізуді қаржыландыруға қаражат бөлу тәртібін бұзу	Ереженің 474-480-тармақтары
74.	Концессиялық жобалар бойынша инвестициялық шығындардың өтемақысын беру тәртібін бұзу	Ереженің 481-499-тармақтары

75.	Концессиялық жобаларды қоса қаржыландыру тәртібін бұзу	Ереженің 500-509-тармақтары
76.	Өзге бұзушылықтар	
Бюджеттік кредиттерді, мемлекеттік кепілдіктерді, кепілгерліктерді берудің шарттары мен рәсімдерін бұзу		
77.	Бюджеттік кредит беру жөніндегі қаржылық рәсімдерге қойылатын талаптарды бұзу	Ереженің 541-565-тармақтары
78.	Қарыз алушының кредиттік қабілетінің өлшемдерін сақтамау	Ереженің 566-570-тармақтары
79.	Мамандандырылған ұйымдарды іріктеу тәртібін бұзу	Ереженің 571-582-тармақтары
80.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздары бойынша кірістіліктің орта мөлшерлі ставкасын анықтау тәртібін бұзу	Ереженің 583-584-тармақтары
81.	Жергілікті атқарушы органнан бюджеттік кредит бойынша берешек сомасын және/немесе мақсатқа сай пайдаланылмаған бюджеттік кредит сомасын өндіріп алу жөніндегі рәсімдерді бұзу	Ереженің 585-590-тармақтары
82.	Бюджеттік кредит бойынша берешекті өндіріп алу есебінен өндіріп алынған мүлікті сату және (немесе) мемлекеттік меншікке айналдыру тәртібін бұзу	Ереженің 591-595-тармақтары
83.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алу тәртібін бұзу	Ереженің 596-599-тармақтары
84.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару жолымен қарыз алу талаптарын сақтамауы	Ереженің 600-601-тармақтары
85.	Қарыз шарттарын жасасу жолымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алу талаптарын сақтамауы	Ереженің 602-613-тармақтары
86.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз қаражаты есебінен қаржыландырылатын инвестициялық жобаларды іске асыруға қойылатын талаптарды сақтамау	Ереженің 614-616-тармақтары
87.	Қарыз және грант қаражаты есебінен тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша конкурстар өткізу талаптарын сақтамау	Ереженің 617-621-тармақтары
88.	Мемлекет кепілдік берген қарыздарды алу және пайдалану тәртібін бұзу	Ереженің 622-634-тармақтары
89.	Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерімен мемлекеттік емес қарыздар	Ереженің 635-640-тармақтары

	қаражатының есебінен қаржыландыру үшін инвестициялық жобаларды іріктеу бойынша талаптарды сақтамау	
90.	Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерімен мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға арналған инвестициялық жобалардың тізбесін қалыптастыруға, қарауға және бекітуге қойылатын талаптарды сақтамау	Ереженің 641-645-тармақтары
91.	Мемлекеттік емес қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру рәсімін бұзу	Ереженің 646-658-тармақтары
92.	Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының қарыз алу тәртібін бұзуы	Ереженің 659-669-тармақтары
93.	Мемлекет кепілдік берген қарызды алған қарыз алушының қаржылық жай-күйі мониторингінің тәртібін бұзу	Ереженің 670-680-тармақтары
94.	Мемлекет кепілгерлігімен қарыз алған қарыз алушының қаржылық жай-күйі мониторингінің тәртібін бұзу	Ереженің 681-688-тармақтары
95.	Үкіметтік қарыздарды, жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын және мемлекеттік кепілдіктермен, мемлекеттің кепілгерлігімен қамтамасыз етілген мемлекеттік емес қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету жөніндегі төлемдерді, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган шығарған мемлекеттік бағалы қағаздарды бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында сатып алуды, сондай-ақ үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша төлемдерді өтеу, оларға қызмет көрсету, жоспарлау тәртібін бұзу	Ереженің 689-715-тармақтары
96.	Үкіметтік қарыздарды, жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын және мемлекеттік кепілдіктермен, мемлекет кепілгерлігімен қамтамасыз етілген мемлекеттік емес қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету, сондай-ақ үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша төлемдерді жүзеге асыру тәртібін бұзу	Ереженің 716-737-тармақтары
97.	Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш , мемлекеттің кепілгерлігі бойынша борыш мониторингінің тәртібін бұзу	Ереженің 738-742-тармақтары
98.	Мемлекеттік борышты және мемлекет кепілдік берген борыш, мемлекеттің кепілгерлігі бойынша борыш тәуекелдерін басқару тәртібін бұзу	Ереженің 743-750-тармақтары
99.	Мемлекет алдындағы борыш тәуекелдерін басқару тәртібін бұзу	Ереженің 751-755-тармақтары
100.	Үкіметтік сыртқы қарыздар, байланысты гранттар қаражаты және бірлесіп қаржыландыру қаражаты	Ереженің 756-768-тармақтары

	есебінен қаржы операцияларын жүзеге асыру тәртібін бұзу	
101.	Мемлекет кепілгерлігімен қарыздар алу және оларды пайдалану тәртібін бұзу	Ереженің 769-779-тармақтары
102.	Қазақстан Республикасының мемлекет кепілгерлігін беру рәсімін бұзу	Ереженің 780-787-тармақтары
103.	Өзге бұзушылықтар	
Мемлекет активтерін пайдалану кезіндегі бұзушылықтар		
104.	Мемлекет қатысатын заңды тұлға өз қызметінің қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін бір ай мерзімде мемлекеттік қаржылық бақылау органдарына бюджет қаражатын, кредиттерді, байланысты гранттарды, мемлекет активтерін, мемлекет кепілдік берген қарыздарды пайдалану кезінде анықталған Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар туралы ақпарат бермеген	"Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қарашад Заңының 25-бабы
105.	Шаруашылық жүргізуші субъектілердегі мемлекеттік үлеске арналған табыстың, республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігінің және акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтердің республикалық бюджетке толық және уақтылы түспеуі	"Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымд Заңының 27-бабы, "Жауапкершілігі шекте және қосымша жауапкершілігі бар серіктесті туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жи 22 сәуірдегі Заңының 11, 14, 17, 40-баптақ Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақст Республикасының 2003 жылғы 13 мамырд Заңының 22-24-баптары, Қазақстан Республи Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N қаулысымен бекітілген Шаруашылық жүр қуқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың табысын бөлу нормативтерін белгілеу, кел және бекіту ережесінің 9-тармағы
106.	Мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның шотына жыл ішінде сметадан тыс түскен табысы бюджетке аударылмаған	"Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақст Республикасының 1995 жылғы 19 маусымд Заңының 41-бабы
107.	Акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакетіне есептелген дивидендтер бюджетке аударылмаған	"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақст Республикасының 2003 жылғы 13 мамырд Заңының 22-24-баптары
108.	Республикалық мемлекеттік мекемелердің балансындағы объектілерді мүліктік жалға (жалдауға) берудің тәртібін бұзу	"Республикалық мемлекеттік мекемелерд балансындағы объектілерді мүліктік жал жалдауға) берудің ережесін бекіту турал Қазақстан Республикасы Қаржы министрліг Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру коми төрағасының 2001 жылғы 15 мамырдағы N бұйрығы
		"Ауыл және орман шаруашылығын жүргіс байланысты емес мақсаттарға оларды пайда үшін ауыл шаруашылығы және орман алқапт

109.	Ауыл және орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарға оларды пайдалану үшін ауыл шаруашылығы және орман алқаптарын алып қою кезінде ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын өтеу тәртібін бұзу	алып қоюдан туындаған ауыл шаруашылығы орман шаруашылығы өндірісінің шығында өтеу нормативтерін және Алқаптарды қалп келтіруге жұмсалатын сома есепке алынып, а шаруашылығы өндірісінің шығындарын ө ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикіметінің 2003 жылғы 8 қазандағы N 1 қаулысы
110.	Өзге бұзушылықтар	
Мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзу		
111.	Мемлекеттік сатып алу процесін өткізуге қойылатын талаптарды сақтамау	"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақ Республикасының 2007 жылғы 21 шілде; Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабы
112.	Мемлекеттік сатып алуға қатысуға байланысты шектеулерді сақтамау	Заңның 6-бабы
113.	Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыны айқындау тәртібін бұзу	Заңның 7-бабы
114.	Әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарын сақтамау	Заңның 8-бабы
115.	Әлеуетті өнім берушіні біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп танудың негіздерін қолдану кезінде объективтілікті сақтамау	Заңның 9-бабы
116.	Уәкілетті органның мемлекеттік сатып алу саласында қалыптастырылатын тізілімдерді жасауы кезінде жол берілген бұзушылықтар	Заңның 11-бабы
117.	Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде жол берілген бұзушылықтар	Заңның 16-27-баптары
118.	Екі кезенді рәсімдерді пайдалана отырып, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізудің ерекшеліктері ескерілмеген	Заңның 29-бабы
119.	Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру негіздерін сақтамау	Заңның 30-бабы
120.	Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу кезінде жол берілген бұзушылықтар	Заңның 31-бабы
121.	Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру негіздерін сақтамау	Заңның 32-бабы
122.	Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде жол берілген бұзушылықтар	Заңның 33-бабы
123.	Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы жасамау және/ немесе дұрыс жасамау	Заңның 34-бабы
124.	Электрондық сауда-саттықта мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүзеге асыруға қойылатын талаптарды сақтамау	Заңның 35-бабы

125.	Тауарларды ашық тауар биржалары арқылы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға қойылатын талаптарды сақтамау	Заңның 36-бабы
126.	Мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасасу және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезіндегі бұзушылық	Заңның 37-40-баптары
127.	Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібін сақтамау	Заңның 41-бабы
128.	Қорғаныс қажеттілігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік сатып алудың ерекше тәртібін сақтамау	Заңның 41-1-бабы
129.	Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың арнайы тәртібін сақтамау	Заңның 42-бабы
130.	Өзге бұзушылықтар	
Бухгалтерлік есеп жүргізуді және қаржылық есептілік жасауды бұзу		
131.	Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп жүргізуді бұзу	"Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақ Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашы департаментінің 1998 жылғы 27 қаңтардағы 1 бұйрығы, "Бухгалтерлік есепті жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 22 маусымдағы N 1 бұйрығы
132.	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шетелдік мекемелеріндегі бухгалтерлік есеп жүргізуді бұзу	"Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шетелдік мекемелерінде бухгалтерлік есеп жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 1999 жылғы 20 шілдедегі 1 бұйрығы
133.	Тиісті бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті ұсыну нормаларын сақтамау	Бюджет кодексінің 127, 129, 131-баптары
134.	Өзге бұзушылықтар	